

Абай облысы бойынша 2023 жылғы I-II-III тоқсандарға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 19 мамырдағы № 96 қаулысы

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысы бойынша 2023 жылғы I-II-III тоқсандарға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімінің м. а.

А. Кәрімов

Абай облысы әкімдігінің
2023 жылғы "19" мамырдағы
№ 96 қаулысына
қосымша

Абай облысы бойынша 2023 жылғы I-II-III тоқсандарға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	I-тоқсан	II-тоқсан	III-тоқсан
1.	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	221	234	241

2.	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	194	196	196
3.	Рожки (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	430	443	462
4.	Қаракұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	725	732	756
5.	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	532	537	547
6.	Картоп	теңге/ килограмм	152	275	186
7.	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	136	259	183
8.	Басты пияз	теңге/ килограмм	117	153	138
9.	Ақ қауданды қырыққабат	теңге// килограмм	175	139	116
10.	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	638	686	733
11.	Күнбағыс майы	теңге/литр	820	820	860
12.	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	2 194	2 206	2 270
13.	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	1 163	1 200	1 255
14.	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	340	346	351
15.	Майлылығы 2,5 % айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	358	386	389
16.	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 %, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	2 943	3 074	3 139

17.	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	505	416	432
18.	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)	теңге/килограмм	70	71	71
19.	Сүзбе: майлылығы 5-9 %	теңге/килограмм	1 628	1 646	1 661

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК